

**Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
бракераж комиссиясы отырысының
№ 1 хаттамасы**

Алға қаласы

30.01.2026 жыл

КҮН ТӘРТІБІ: 10-күндік ас мәзірінің құру тағамдар сәйкестігін бақылау.

ТЫНДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша 2026 жылдың қаңтар айында құрылған бракераж комиссиясының төрағасы Балзия Бисенбайқызы сөз алып, күнделікті ас мәзіріндегі тағамдардың түрлері, құнарлығы, сапасы туралы мәліметтерді атап шықты. Салауатты өмір салты мен тамақтану гигиенасының негізгі талаптары: азық-түліктердің құрамы, сапасы мен көлемі, тәртібі мен ұйымдастырылуында. Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар; ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аламыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи аққуыздары қамтамасыз етеді. Дұрыс тамақтану өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Бұл жерде ең маңыздысы топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл-күй мен жақсы орта қалыптастыру. Балалар үстел үстінде ыңғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілуі керек. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесімін табуы керек.

Бракераж комиссиясының мүшесі, медбике Айман Амангелдіқызы балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аудырылады. Тамақ әзірлеу ережелерін сақтап, ас мәзірін қадағалау жұмыстары бас медбикеге жүктелетінін және ол балалардың дұрыс тамақтануын қадағалап отыру жауапкершілігі балабақша медбикесіне жүктелгені белгілі. Алайда, жылдың басында құрылатын бракераж комиссиясының құзырына да балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалауда жатады. Сөз

соңында, балабақшада 2026 жылдың қаңтар айының басында жаңа ас мәзіріне енгізілген тағамдардың құрамында бес күн ет, төрт күн тауық еті, бір күн балық еті, күнделікті сүт, дәнді-дақылдар, көкөніспен-жемістер, жеміс шырындары берілуде.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2026 жылы құрылған 4 апталық ас мәзірінде дәнді-дақылдар өзара сәйкестігі қарастырылған, күнделікті берілген тамақтардың сәйкестігін ескере отырып келесі күнмен қайталанбауы ескерілген.

ШЕШІМ:

2026 жылға құрылған 4 апталық ас мәзіріндегі тағамдар құрамы талапқа сай құрылғандығы қанағаттарлық жағдайда.

Комиссия төрағасы:
Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:



Б.Бердібаева
А.Мурзагулова
Г.Васильева
М.Жауманова
Н.Хайруллина
А.Қолдауова